

Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 460 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2475 Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1995 ж., N 19, 115-құжат) жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттары туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Ауыл шаруашылық өндірісін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 желтоқсандағы N 1513 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егінді, көпжылдық екіпелерді, ауыл шаруашылығы малдарын, қозғалатын және қозғалмайтын мүлікті, ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдері мен тауарларын қолайсыз табиғи-климат жағдайларынан, індеттерден және басқа да табиғи апаттардан міндетті сақтандыруды қамтамасыз ету аталған кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты болып саналсын";

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау жөніндегі комитеті сақтандыру ұйымдарына ауыл шаруашылық өндірісіне міндетті сақтандыруға рұқсат беретін қосымша талаптарды ауыл шаруашылық өндірісін міндетті сақтандыру жөніндегі Ведомствоаралық кеңеспен келісе отырып белгілесін" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 2 сәуірдегі
N 460 қаулысымен

бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттары туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже "Сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 23 тамыздағы Заңына және "Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 желтоқсандағы N 1513 қаулысына сәйкес әзірленді.

I. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылығын міндетті сақтандырудың мақсаты қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың, табиғи апаттардың, індеттердің, өсімдік ауруларының, өрттердің* нәтижесінде қиын жағдайда қалған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қаржылық қолдау алуына сақтандыру жағдайларынан туындаған зиянды толық немесе ішінара өтеу түрінде кепілдікті қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту: <> Бұл ретте және бұдан әрі табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған өрттер сөз етіледі.*

Ауыл шаруашылығы өндірісін міндетті сақтандыру шарттары заңды тұлға мәртебесі бар мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен шаруашылық серіктестіктерімен және тағы басқа ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен (бұдан әрі - Сақтанушы), сақтандырудың осы түрін жүргізуге заңдарда белгіленген тәртіппен лицензия алған сақтандыру ұйымдары (бұдан әрі - Сақтандырушы) жасайды.

Ауыл шаруашылығына міндетті сақтандыру жүргізуге құқық беретін лицензияларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті береді.

2. Міндетті сақтандыруға мыналар жатады:

ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелердің өнімі (табиғи пішендіктер мен жайылымдар өнімінен басқа);

көпжылдық жеміс-жидек екпелерінің ағаштары мен бұталары;

6 айлық және одан да ірі басты қой, ешкі, шошқа, 1 жастағы одан да үлкен ірі қара мал, жылқы мен түйелер;

құс фермаларындағы үй құстары, аң фермаларындағы 6 айлық және одан үлкен терісі бағалы аңдар, омарталардағы бал аралары;

үй-жайлар, ғимараттар, аяқталмаған күрделі құрылыс объектілері, ауыл шаруашылығы техникасы, көлік құралдары, өткізгіш құрылғылар, күш және жұмыс машиналары, балық аулау кемелері мен аулау құралдары, ауыл шаруашылығы өндірісінің жабдықтары, материалдары мен өнімдері.

3. Міндетті сақтандыруға мыналар жатпайды:

сақтандыру шарты жасалатыннан бұрын үш-бес жыл ішінде өнім алынбаған көпжылдық жеміс-жидек өсімдіктері;

бақтардағы 70 және одан да көп процентке сиреген, қайта қалпына келтіруге және тамырымен жұлуға, табиғи жойылуына, бөлінуіне, аурулармен зақымдануына (филлоксера, қара саратын), сондай-ақ 70 және одан да көп процентке дейін тозған көпжылдық екпелер;

орман қорғау, сәндік және басқа да жеміс-жидектік емес көпжылдық екпелер;

қандай да бір шаруашылық мұқтаждар үшін пайдалануға жарамсыз уақытша ескі құбылыстар, сондай-ақ қадағалаусыз қалдырылған құрылыстар;

іске арналған ағаштар, ағаш кесетін жерлердегі және ағаш ағызу кезіндегі о т ы н д ы қ а ғ а ш т а р ;

жойылу қаупі анық төніп тұрған мүлік;

ауру мал, сондай-ақ бруцеллез, туберкулез, лейкоз және басқа да жұқпалы ауруларға соңғы рет тексерген кезде оң реакция белгіленген ауру мал;

жұқпалы аурулар бойынша карантин белгіленген жерлердегі мал.

4. Сақтандыру жағдайларына:

ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелерінің қуаңшылық, су өтіп кету, борсу, үсіп кету, бұршақ, нөсер, боран, дауыл, су басу тағы басқа да метеорологиялық және табиғат құбылыстарының, сондай-ақ аурулар, өрт жабайы жануарлардың құртуы нәтижесінде жойылуы немесе зақымдануы;

табиғи зілзалаларға байланысты электр энергиясын беруді тоқтату нәтижесінде қорғалған топырақта өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдары өнімінің жойылуы немесе зақымдануы;

белгілі бір жерге тән емес аяздар және жауын-шашындар, су басу, боран, дауыл, опырылып құлау, шөгу, жер сілкінісі, өрт және аурулар нәтижесінде көпжылдық жеміс-жидек екпелерінің толығымен немесе ішінара жойылуы. Бұл ретте толық жойылуға ағаштардың немесе бұталардың жер астындағы немесе жер бетіндегі бөліктері, діңі (сабағы) құрап қалуы немесе тамыр жүйесінің бұл өсімдіктердің тамырын шабуға тура келетіндей болып қатты зақымдануы жатады ;

сақтандырылған малдың індеттер, өрт, боран, дауыл, құйын, бұршақ, жер сілкінісі, нөсер, су басу, шөгу, опырылып құлау, көшкін, үсу (сол жерге тән емес аяздар нәтижесінде организмнің тоңазуы) нәтижесінде өлуі, сондай-ақ жұқпалы ауруларға қарсы күресу жөніндегі шараларға байланысты ветеринарлық қызмет маманының өкімі бойынша еріксіз сою (жою);

үй-жайлардың, ғимараттардың, бітпеген күрделі құрылыс объектілерінің, ауыл шаруашылығы техникаларының, көлік құралдарының, өткізгіш

құрылғылардың, күш беретін және жұмыс машиналарының, жабдықтардың, ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдері мен тауарларының өрт, жай түсу, су тасқыны, су жайылу, жер сілкінісі, топырақтың шөгуі, боран, дауыл, құйын, жер ағу, опырылып құлау, көшкін және басқа табиғи зілзаланың нәтижесінде ж о й ы л у ы н е м е с е б ү л і н у і ;

боран, дауыл, теңіз дауылы, тұман, су басу, өрт, жай түсу, табиғи зілзала нәтижесінде пайдаланыстағы балық аулау кемесі мен аулау құралдарының жойылуы немесе бүлінуі, кеме күйреуі жатады.

5. Сақтандыру операцияларын жүргізу кезінде даулы мәселелер туған жағдайда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тәуелсіз сарапшыларды тарта алады.

II. Сақтандыру шарттары

6. Міндетті ауыл шаруашылығы сақтандыру шарты дегеніміз - екіжақты келісім, ол бойынша сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған кезде оның салдарынан келген зиянды өтеуге міндеттенеді, ал Сақтанушы сақтық төлемдерін белгіленген мөлшерлер мен мерзімдерде төлеуге міндеттенеді.

7. Сақтандыру шартын Сақтандырушы Сақтанушының өтініші негізінде ж а з б а ш а н ы с а н д а ж а с а й д ы .

8. Сақтандыру шарты әрбір мүлік түрі (негізгі және айналымдағы қаражатына , мал, көпжылдық екпелерге, ауыл шаруашылығы дақылдары және басқалары) б о й ы н ш а ж е к е - ж е к е ж а с а л а д ы .

Егер шаруашылық біркелкі өнім беретін (дән, көкөніс және т.б.) бірнеше дақылдарды өсірсе, онда қалауы бойынша бұл дақылдардың өнімі топ бойынша тұтастай сақтандырылып, зиянда осылайша өтелуі мүмкін.

9. Ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер өнімін сақтандыру шарты барлық егістік (отырғызу) алаңына жасалады.

Егер нақты себілген дақыл алаңы сақтандырылған алаңнан кем болып шықса, онда Сақтанушының өтініші бойынша артық алынған төлемдер қайтарылады.

10. Мүліктерді, мал мен көпжылдық екпелерді сақтандыру шарты бір жыл мерзімге, ал ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімі егін орағы аяқталғанға дейін жасалады (аумақтар бойынша қалыптасқан күнтізбелік мерзімдерді ескере о т ы р ы п) .

11. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүліктерін сақтандыру құны м ы н а д а й м ө л ш е р л е р д е :

ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер өнімі (табиғи пішендіктер мен жайылымдардан басқа) - шартта белгіленген мөлшерде, бірақ оның құнының 50 процентінен кем емес. Ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер өнімінің құны орташа есеппен соңғы 5 жыл ішінде 1 га жерден алынған өнімділікті және қолданылып жүрген бағаларды (бағаның нақты

мөлшері шартта айқындалады) себу (отырғызу) алаңына шағып есептеуге с ү й е н і п б е л г і л е н е д і ;

ауыл шаруашылығы малы, үй құстары, терісі бағалы аңдар, омарталардағы бал аралары - шартта белгіленген мөлшерде, бірақ олардың баланстық құнының 60 процентінен кем емес мөлшерде;

үй-жайлар, ғимараттар, ауыл шаруашылық техникасы, көлік құралдары, өткізгіш құрылғылар, күш және жұмыс машиналары, балық аулау кемелері мен аулау құралдары, жабдықтар, көпжылдық екпелер - шартта белгіленген мөлшерде, бірақ тозуын шегергендегі баланстық құнының 60 процентінен кем е м е с м ө л ш е р д е ;

дайындалған және сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімдері, ауыл шаруашылығы өндірісінің тауарлары мен ауыл шаруашылық өндірісінің өнімдері - шартта белгіленген мөлшерде, бірақ олардың құнының 60 процентінен кем емес м ө л ш е р д е ;

аяқталмаған күрделі құрылыс объектілері, өндіру немесе өңдеу процесіндегі өнімдер - шартта белгіленген мөлшерде, бірақ сақтандыру шартын жасау кезінде жұмсалған шикізат, материалдар мен еңбек құнының 60 процентінен кем емес м ө л ш е р д е қ а б ы л д а н а д ы .

12. Алғашқы жылдары өнім бермейтін көпжылдық дақылдар өнімінің құны осы дақылдар алып жатқан алаңға шаққандағы 1 гектарға кеткен шығынды негізге ала отырып, әр дақыл бойынша жеке-жеке анықталады.

13. Міндетті сақтандыру шартының күші заңдарда көзделген жағдайларда тоқтатылады.

III. Сақтандыру төлемдерін есептеу

14. Сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы шартта белгіленген тарифтік ставкаларға с ә й к е с е с е п т е й д і .

15. Сақтандыру төлемдері төлемдердің толық сомасы мөлшерінде бір рет немесе тараптардың келісуімен бөліп-бөліп төленеді, бірақ ол үш мерзімнен аспауы керек. Бірінші төлем жасау мерзімі 15 наурыздан кешіктірілмейді.

Сақтандыру төлемдерінің мерзімін өткізіп алғаны үшін Сақтанушыны шартта немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген мөлшерде мерзімі асқан әрбір күн үшін өсім төлейді, бірақ ол белгіленген сақтандыру төлемінің жалпы сомасынан аспауы керек.

16. Сақтандыру шарты көрсетілген мерзімнің аяғына дейін өз күшінде болады немесе толық сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру өтемі төленген сәттен бастап мезгілінен бұрын күшін тоқтатады.

17. Сақтандыру шарты қолданылып жүрген кезеңде Сақтанушыда пайда болған мүліктер мен мал үшін сақтандыру төлемдері алынбайды, ал шығып кеткендері үшін кері қайтарылмайды.

IV. Зиянды және сақтандыру өтемін төлеуді анық тау

18. Сақтандыру оқиғасы болған кезде Сақтанушы: мүліктер жойылған (қираған) күннен, сондай-ақ мал табиғи зілзалалар мен аурулар салдарынан қырылған күннен бастап үш тәулік ішінде; ауыл шаруашылығы дақылдары мен көпжылдық екпелер жойылған (зақымданған) күннен бастап үш тәулік ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

19. Сақтандыру оқиғасы нәтижесінде сақтандырылған мүліктің, көпжылдық екпелер мен малдың жойылуы (зақымдануы) туралы Сақтанушыдан хабар мен зиянды анықтауға қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы 10 күн ішінде акт ж а с а й д ы .

20. Ауыл шаруашылығы дақылдарының жойылуы (зақымдануы) туралы акт өнімді толықтай кіріске есептеу аяқталғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде ж а с а л а д ы .

21. Сақтандырушы сақтандыру өтемін сақтандырылған мүліктің жойылуы (зақымдануы) туралы акт жасалған және құзыретті органдардан қажетті құжаттар алынған күннен бастап 10 күн мерзім ішінде төлейді. Сақтандырушы сақтандыру өтемін уақтылы төлемегені үшін Сақтанушыға шартта немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мөлшерде өсім төлейді.

22. Зиян шаруашылықтағы барлық егу (отырғызу) алаңына сақтандырылған дақылдар (дақылдар тобы) астығы шығынының құнына сүйене отырып анықталады және сақтандыру шартын жасау кезінде қабылданған 50 процентке азайтылған өнім құны мен осы жылы алынған өнімнің нақты құны арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

23. Жойылған көпжылдық екпелердің зиян мөлшері олардың баланстық құны (шарт жасаған күнгі тозуын шегеріп тастағандағы) мен қалдық құнына сүйене о т ы р ы п а н ы қ т а л а д ы .

24. Сақтандырылған қырылған мал үшін зиян мал қырылған күнгі баланстық құнға сүйене отырып, ал еріксіз сойғанда тамаққа пайдалануға жарамды ет пен басқа жарамды өнімнің құнын шегере отырып анықталады.

Егер малды, үй құстары еріксіз союға әкеп соққан себептер бойынша ет тамаққа толығымен жарамсыз деп танылса, сақтандыру өтемі қырылған мал басы үшін төленгендегідей төленеді.

Малдың ауруы мен қырылуының, еріксіз сойылуы немесе жойылуының себептері мен жағдайлары туралы қорытындыны ветеринарлық қызмет мамандары б е р е д і .

25. Негізгі қаражат құрамына кіретін мүлік толық жойылған жағдайда зиянның мөлшері оның құнынан тозу сомасын шегеру арқылы анықталады.

Ал осындай мүлік бүлінген кезде зиянның мөлшері мүлікті сақтап қалу

жөніндегі шығындарды қоса алғанда, оны қалпына келтіру (жөндеу), құнына сүйене отырып, құнын шегеріп тастау арқылы анықталады.

26. Сақтандыру өтемі шартта белгіленген мөлшерде, бірақ:
ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша - зиян сомасының кемінде 50 проценті мөлшерінде;
сақтандырылған мүліктің басқа түрлері бойынша - кемінде 60 проценті мөлшерінде төленеді.

27. Сақтандыру өтемі, егер:

Сақтанушы мүмкіндігі бола тұрып, белгіленген мерзімде мүліктің, ауыл шаруашылығы дақылдарының, көпжылдық екпелер мен малдың қырылғаны немесе бүлініп зақымданғаны туралы хабарламаса, осыған байланысты зиянның себептері мен нақты мөлшерін анықтау мүмкін болмай қалса;

Сақтанушы мал дәрігерінің (фельдшерінің) емделмейтін ауыру малды сою туралы нұсқауын орындамаса, сөйтіп ол мал қырылып қалса;

сақтандырылған мүліктің өртке, аварияға және басқа да қолайсыз оқиғаларға байланысты жойылуы (бүлінуі) сақтанушының мемлекеттік өрт қадағалау органдарының және басқа да құзыретті органдардың ұйғарымын орындамауының салдарынан болса;

Сақтанушы сақтандыру кезінде болмаған мүліктердің жойылғаны немесе бүлінгені туралы мәлімдеп, құтқарылған мүлікті немесе оның қалдықтарын жасырып немесе олардың орнын ауыстырып, зиянның мөлшерін саналы түрде артық көрсетсе;

зиян Сақтанушының сақтандыру оқиғасынан кейін қалған мүлікті құтқару, олардың сақталуын қамтамасыз ету мен бүлінуін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдамауы нәтижесінде келтірілсе;

зиян Сақтанушының кінәлі әрекеттері нәтижесінде келтірілсе төленбейді.

28. Егер сақтандыру оқиғасының нәтижесінде көп мүлік жойылса және зиян үшін 10 күн ішінде толық есеп айырысу мүмкін болмаса, онда жазбаша өтініш негізінде Сақтанушыға сақтандыру өтімінің алдын ала есептелген сомасының 50 процентке дейін мөлшерде аванс төленуі мүмкін.

Түпкілікті есеп айырысу тізбесі нұсқаулықта белгіленген барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін 10 күн ішінде жүргізіледі.

29. Сақтандыру өтемі Сақтанушының шартта көрсетілген шотына ақша аудару арқылы, не тараптардың келісуі бойынша нақты ақша қаражатымен төленеді.

Сақтандыру өтемін төлеу кезінде Сақтандырушы төлем жасау мерзімдерінің басталуына қарай Сақтандырушыдан өзіне тиесілі сақтандыру төлемдеріне есептеме жүргізуге құқылы.

30. Сақтандырушылар қайта сақтандыру жолымен Сақтанушының басқа

Сақтандырушы (қайта сақтандырушы) алдындағы өз міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін орындау тәуекелін өтеуге құқылы.

V. Дауларды шешу

31. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар заңдарда белгіленген тәртіппен қаралады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК